

**Әкімдіктің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 39 "Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 12 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 ақпанда № 4465 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 20 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 29.01.2015 № 20 қаулысымен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 4-бабының 3-тармағына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 39 "Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-91 болып тіркелген, 2009 жылғы 12 қарашада "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары **Н.К. Қабылдинға** жүктелсін";

көрсетілген қаулының қосымшасында 3-жол мемлекеттік тілінде жаңа редакцияда жазылсын:

"Аудан орталығын, ауылдық округтер мен ауылдар аумағын қандай да бір арнайы дайындықты талап етпейтін жинау мен көгалдандыруға көмек көрсету: қоқыс жинау; ағаштардың бұтақшаларын қырку; ағаштардың жас бұтақшаларын қырку; гүл орындарын дайындау; аумақтарды жусаннан, қурайдан маусымдық жинау; ағаш-көшеттерді, бұталарды отырғызу.", орыс тіліндегі қосымшасы өзгеріссіз қалады.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ауданының әкімі*

**Ұ з ы н к ө л**  
**Т. Ташмағамбетов**  
**Қ о с т а н а й о б л ы с ы б о й ы н ш а**  
**"Қ ы л м ы с т ы қ – а т қ а р у ж ү й е с і**

департаменті                      Ұзынкөл  
аудандық"                      қылмыстық-атқару  
инспекциясының                      бөлімі                      бастығы

\_\_\_\_\_ Б. Айсенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК